10-дәріс

ҚАЗАҚСТАННЫҢ АШЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КӨПКЕ ҰМТЫЛҒАН ЖАЛҒЫЗ. ӘЛЕУМЕТТІК ПСИХОЛОГИЯҒА КІРІСПЕ

Әлеуметтік таным. 3-бөлім

2-тарау. Бұқаралық коммуникация, үгіт-насихат және иландыру. Әлеуметтік таным

Қарым-қатынас пен сенім мінез-құлыққа қалай әсер етеді?

Алдыңғы дәрістерде біздің қоғам өмірі туралы ойымызға қарым-қатынас пен сенім қалай ықпал ететінін мұқият қарастырдық. Осы орайда мынадай заңды сұрақ туады: біздің мінез-құлқымыз бен көзқарасымыздың арасында қандай байланыс бар? Қалай әрекет ететінімізді болжау үшін қарым-қатынасымызды қолдана аламыз ба?

Біздің санамыздағы көзқарас пен мінез-құлық байланысы

Ендеше, осы зерттеу жиынтығы мен «адамның көзқарасы оның мінез-құлқына байланысты» дегенге сенетін түйсігіміздің арасын қалай үйлестіреміз? Бір жолы – көзқарас пен мінез-құлық арасындағы байланыс әлсіз деп қорытындылау. Бұл тек біздің санамызда ғана; адамдар ғана өз мінезіне немесе көзқарасына сай әрекет етеді деп ойлаймыз. Бұлай байлам жасауға біраз негіз бар.

Қарым-қатынас пен адамның мінез-құлқы арасынан байланыс көру «біздің басымыздағы ой» деген пайымның дұрыстығына бір мысал – адамның тосын қылығының шығу себебін нақты жағдайдан емес, адамның жеке қасиеттері немесе көзқарас сынды тұлғалық сипатынан іздеу үйреншікті үрдіс.

Көзқарас әрекетті қай кезде анықтайды?

«Көзқарас әрекетпен ұдайы сәйкесе бермейді» деген сөз «көзқарас әрекетті ешқашан анықтамайды» дегенді білдірмейді. Ғалымдардың міндеті – оқиға қандай жағдайда болуы әбден мүмкін екенін анықтау. Рассел Фазио біздің көзқарас арқылы әрекет етуімізді арттыратын ең басты фактордың бірін анықтады: ол – түсініктілік. Көзқарастың түсініктілігі нысан мен оған берілетін бағаның арасындағы байланыстың күштілігін білдіреді. Мысалы, егер мен «жылан» десем, көп адамға «жаман, қауіпті» деген ой келеді. Егер мен «Ренуардың картинасы» десем, көбі «ғажап» деп тамсануы мүмкін. Адамдар туралы атүсті «о, әлгі сілімтік пе, атын атамашы» немесе «ой, бір керемет жан» деген асығыс пікір айтатын танысымыз бар шығар. Бұл – өте түсінікті көзқарас.

Бірақ барлық көзқарас пен сенім аса түсінікті емес. Кейде шынайы көзқараста болмаймыз, өйткені ол туралы ойланып көрмеппіз. Бірақ, сұраса, өз пікірімізді айтуымыз мүмкін.

Түйсікке сүйеніп, әрекет ету

Сенім мен көзқарас адамның мінез-құлқына әсер ететін басқа да жол бар. Сенім біз өмір сүретін әлеуметтік ортаны қалыптастыруы мүмкін. Пол Херр жасаған эксперимент мұның қалай болатынын көрсетеді. Басқатырғыштың көмегімен Херр сынаққа қатысушылар үшін «дұшпандық, қастық» ұғымының түсініктілігін қолдан қиындатты, әрі ол үшін осы дәрістің бас жағында суреттелгендей, нұсқау беру техникасын пайдаланды.

Әлеуметтік түсініктегі жиі кездесетін үш жаңсақтық

Күнделікті өмірімізде түрлі оқиғалар мен жағдайлардың түп себебін түсінгіміз келеді. Неге Солтүстік Корея қайта-қайта «бүйректен сирақ шығарып» отыр? Арғы бөлмедегі көрікті жан мені көрмегенсіп отырғаны несі? Соңғы тапсырманы сен өте жақсы, ал мен сонша нашар орындағаным қалай? Мен Рождествода үйде болған кезде, анам неге сүйікті асымды пісіріп бермеді екен? Біз көбінесе орынды, дұрыс жауап береміз. Бірақ кейде қиыс кетіп, қате жіберетін кездер де болады. Өз әлеуметтік ортамызды қалай қабылдайтынымызды зерттей отырып, әлеуметтік психологтар біздің атрибуциямызға және уәжімізге әсер ететін негізгі үш жаңсақтықты айқындап берді: түбегейлі атрибуциялық қателік, әрекет етуші-бақылаушының бірбеткейлігі және өзіңнен-өзің адасу.

Түбегейлі атрибуциялық қателік. Бұл термин – әлеуметтік әрекетінің себебін сипаттау және түсіндіру кезіндегі жағдайдың және қоршаған ортаның әсерлеріне қатысты адамдардың тұлғалық ерекшеліктерінің маңыздылығы мен диспозициялық факторларды асыра бағалау тендециясын білдіреді.

Біз бұл тенденцияның бір мысалын сәйкес тұжырым тенденциясынан көргенбіз, яғни біз әріптесіміздің өзіндік саяси ұстанымын немесе өзіндік әрекетін түсіндірген кезде ситуациялық түсіндірмеге қарағанда, тұлғалық ерекшелік түсіндірмесіне бүйрегіміз бұрып тұрады. Бұл – әлемде дәлел мен әрекеттің үйлесімі бар деген ойға жетелейді. Алайда шынайы өмір олай болмауы мүмкін. Түбегейлі атрибуциялық қателіктің басқа бір мысалын Гюнтер Бьербрауер жүргізген эксперименттен көре аламыз.

Актер-бақылаушының соқыр сенімі

«Көп кездесетін әлеуметтік баға беру түрі – актер-бақылаушының соқыр сенімі деген атаумен белгілі. Бұл жағдайда актерлер өздерінің әрекеттерін ситуациялық факторлармен байланыстырады, ал бақылаушылар осы әрекеттерді тұрақты түрде актердің тұлғалық диспозцияларымен байланыстыруға бейім келеді. Мысалы, өзімнің бағалауымша, мен жағажайға күн райы жақсы болғандықтан барамын, алайда басқа біреудің бағалауында жағажайға көп баруыңыздың себебі сіздің жағажайда серуендеуді қатты жақсы көруіңіз болуы мүмкін», – дейді Аронсон.

Саяси көшбасшылар әдетте дана шешімдер мен қателіктерді сипаттағанда, «ол жағдайда басқаша болуы мүмкін емес еді» дейді. Ал қарапайым халық болса, бұл шешімдерді көшбасшының жеке қасиеттерімен байланыстарды. Алдыңғы дәрістерде талқыланған Китти Дженовезенің өлімін есіңізге түсіріңіз. Дженовезе 38 куәгердің көзінше, Нью-Йорк қаласында өлтірілгеннен кейін, куәгерлер ситуация екіұдай болды деп мәлімдеген және не істеу керектігін шешу қиын болғанын айтқан. Газет тілшілері мұны ұятты апатия деп атаған. Басқаша айтсақ, мен өзімді күмәнмен ақтап алып, ситуациялық себепті өзімнің әрекетімді түсіндіру үшін қолданамын. Алайда мен басқа біреудің әрекетін түсіндіру кезінде олай ойламаймын және осылайша мен түбегейлі атрибуциялық қателікке жол беремін.

Актер-бақылаушы соқыр сенімінің кең тарағанына дәлел көп. Мысалы, студенттер ақылдылық тестісінің нәтижелерін анықталған. Студенттер ақылдылық тестісінің нәтижелерін келесідей түсіндіретіні анықталды: біріншіден, студенттер өзге адамдардың тестілеуді сәтсіз тапсыруын олардың қабілетімен, ал өздерінің сәтсіздігін тест сұрақтарының қиындығымен байланыстырған; екіншіден, психологиялық зерттеуге келісім берген студенттер өз әрекеттерін зерттеудің маңыздылығымен түсіндірген, ал бақылаушылар болса, зерттеуге қатысушылардың бұл әрекетін кез келген зерттеуге қатысуға бейім екенімен байланыстырған; үшінші, өз замандасының әрекетін бақылаған студенттер оны болашақта да тура солай әрекет етеді деп түйген, ал актерлер өздері тура сондай жағдайда «болашақта басқаша әрекет ететін едім» деп жауап берген; төртіншіден, студенттер өздерінің ең жақын достарының қыз бен мамандық таңдауын – достарының жеке қасиеттерімен, ал өз таңдауын қыздың жеке қасиеттерімен және мамандықтың артықшылықтарымен байланыстырған; бесіншіден, адамдар өзіне қарағанда, өзгелердің тұлғалық қасиеттеріне көбірек назар аударады.

Өзіндік соқыр сенім

Енді ең маңызды білім құрылымы іске қосылған кезде әлеуметтік танымымызға не болатынына назар аударайық. Мен схемасы төңірегіндегі талқылауларда айтқанымыздай, психологиялық тұрғыда біздің басты мақсатымыздың бірі – өзіміз туралы көзқарасымызды жақсарту және оны сақтап қалу. Уильям Джеймстің көзқарасы бойынша, бұл біздің әлеуметтік және рухани «менімізге» келгенде, ерекше шындыққа жанасады. Джеймстің айтуынша:

«Әлеуметтік мен материалдық менге қарағанда жоғары тұрады. Біз өз-өзіміздің арымызды, достарымызды және адами қарым-қатынасымызды байлыққа және жылтыр аған бетке қарағанда

көбірек ойлауымыз керек. Рухани «меннің» ғажайыптығы сонда, оны жоғалтып алғаннан гөрі, адамдар достарынан, жақсы атақтан, меншіктен және өмірдің өзінен бас тартуға әзір болуы тиіс» деп қорытындылайды.

Алға ұмтылысымыздың негізгі қайнар көзі ретіндегі өзімізді бағалау тәсіліміз біздің барлық әлеуметтік танымымызға ерекше ықпал етеді. Ал өзіндік процесті келесі тарауда тереңірек талқылаймыз. Әзірше әлеуметтік танымға әсер ететін негізгі екі жолды атап көрсетеміз. Олар – эгоцентристік ой және сабырлық.

Эгоцентристік ой

Көп адам өзін оқиғалардың ортасындағы тұлға ретінде қабылдауға бейім. Ал шынайы өмірде ондай болмауы мүмкін. Біз мұны эгоцентристік ой деп атаймыз. Эгоцентристік ойда жүрген адамдар өткен оқиғаларда шешуші рөл ойнағандай және оқиғалардың өрбуі мен адамдардың әрекетіне әсері болғандай есте сақтайды. Оның ойдың көптеген мысалы бар.

Әлем менің төңірегімде айналады деген сенім американдық американдық газеттердің бетіндегі парадоксты түсіндіруге жол ашады. Оның түсіндірмесі келесідей: «Көп американдық Американың технологиялық және ғылыми жаңалықтарымен мақтанатын болса да, күнделікті газеттердің 10 пайызында ғана тұрақты ғылыми айдар бар. Керісінше, сол газеттердің 90 пайыздан астамы күн сайын астрологиялық болжам жариялап, жұлдыздардың орналасу реті арқылы болашақты болжауға тырысады. Адамдар неге астрологияға сенеді? Күнделікті жұлдыз-жорамалдың ақпараты «Барнум тұжырымдары» категориясына жатады».

Шоумен Ф.Т. Барнум «ақымақтар әр минутта дүниеге келеді» деген. «Барнум тұжырымдары» – барлық адамға дерлік дәл келетін тұлғалық сипаттамалар. Мысалы, «сіз бейтаныс адамдар арасында ұстамдысыз» немесе «сіз өмірге аралас оптимизм және пессимизм сезімдерімен қарайсыз» немесе «сіз басқа адамдардың ойын қабылдай аласыз, алайда керек жағдайда өз ойыңызда қаласыз». Бұл сипаттамаларды әрқайсымызға қолдануға болады. Алайда біздің эгоцентристік ойлауға бейімдігіміз «Барнум тұжырымы» басқаларға қарағанда, өзімізге дәлірек келеді деп ойлайды. Басқалар да тура солай ойлайтыны көпшілігіміздің ойымызға кіріп шықпайды. Осыған орай, газеттегі жұлдыз-жорамалдар көптеген адамға жағымды болып келеді.

Ричард Петти мен Тимоти Брок экспериментінде «Барнум тұжырымдарына» қандай деңгейге дейін сенуге болатынын тексерген. Олар зерттелушілерді өтірік тұлғалық тестілеуден өткізген және жалған нәтижелерді айтқан. Осылайша, зерттелушілердің жартысына «санасы ашық» адам ретінде сипатталған жағымды «Барнум тұжырымы» десе, ал қатысушылардың қалған жартысына да жағымды, алайда «жабық» адам ретінде сипатталған тұжырымға келген.

Тест нәтижелері өтірік болса да, қатысушылардың барлығы дерлік тестен өз тұлғаларының дәл сипаттамасын алдық деп мәлімдеген. Сонымен бірге, Петти мен Брок «жаңа тұлғалық қасиеттердің» зерттелген адамдардың кейінгі әрекеттеріне әсер еткенін анықтаған. Нақтырақ айтсақ, ғалымдар «ашық» және «жабық» адамдардан екі шешімі бар мәселеге байланысты өз ойын білдіруді сұраған. «Санасы ашық» деп кездейсоқ түрде танылған адамдар екі шешімнің де ойға қонымды екенін айтқан. Ал «жабық» адамдар ұсынылған шешімнің біреуі ғана дұрыс деген. Бұл – біздің сеніміміз бен үмітіміздің «әлеуметтік шынайылық» жасай алатынының тағы бір мысалы.

Эгоцентристік ойға бейімдігіміз кей кездері білінбеуі мүмкін, алайда ол өткен оқиғалар мен басқа ақпаратты жаттап алуымызға әсер етеді. Көп зерттеу адамдардың өздеріне қатысты ақпаратты жақсы есте сақтайтынын анықтаған. Сонымен бірге, жеке адам топтарда жұмыс істеген кезде басқа адамдар туралы ақпаратты елемей, өз нәтижелеріне назар аударуға және сол нәтижелерді жаттап алуға бейім келеді.

Тағы бір қоса кететін жайт, егер адам ақпараттың туындауына белсенді қатысатын болса, онда ол бұл ақпаратты біреуден естіген ақпаратқа қарағанда жақсырақ есте сақтайды. Зерттеулер көрсеткендей, ақпарат адамдардың өзіне қатысты болған кезде жадымыз сол ақпаратқа басымдық береді. Басқаша айтатын болсақ, адамдар белгілі бір термин мен нысан өзіне қатысты болған кезде, оларды басқа адамдарға қатысты болған жағдайға қарағанда, оңай ойларына сақтап

алады. Жадымызда эгоцентристік ойдың бары студентке пайдалы болуы мүмкін: осы кітаптағы материалды есте сақтаудың ең тамаша жолы – кітаптағы дүниелерді жеке тәжірибемен ұштастыру. Бұл сізге келесі тестілеуді сәтті тапсыруға көмектеседі.

Өзін-өзі ұлықтау соқыр сенімі

Өзін-өзі ұлықтау соқыр сенімі деп адамдардың өз жетістіктерін диспозициялық атрибуциялармен, ал өз сәтсіздіктерін ситуациялық атрибуциялармен байланыстыруын айтамыз. Мысалы, баскетбол ойнап жүріп, Линда допты себетке қиын жағдайда дәл түсірген болса, өзінің ептілігі және ерекше секіргіштігінің арқасында деп біледі. Егер ол допты себетке сала алмай қалса, онда секірген кезінде өзін біреу итеріп жібергенін немесе тайғақ еденде аяғы тайып кеткенін айтуы мүмкін. Өзін-өзі ұлықтау соқыр сенімі көлік жүргізген кезде көп бой көрсетеді. Төменде жол-көлік апатына түскен адамдардың түсіндірмелері келтірілген. Бұл жағдайларда өз-өзін ұлықтау соқыр сенімі анық көрінеді:

- Телеграф бағаны тура көлігіме құлап келе жатыр екен. Қашпақ болғаныммен, баған көлігімнің алдыңғы бамперіне құлады.
- Қайдан шыға келгені белгісіз, көрінбейтін бір көлік мені соғып, із-түзсіз жоқ болды.
- Мен артқа жүріп келе жатып, басқа көлікке соқтығысқан кезде, көлігім ережеге сай тұрақта тоқтап тұрған.
- Жол қиылысына келген кезімде, көше бойындағы талдар көз алдымды жауып, дұрыс көруіме кедергі келтірді. Басқа көлікті көрмей қалдым.

Зерттеушілер жақсы дүниелерді жақсы қабылдап, жамандарын да мойындайтымызды көрсететін көптеген дәлел жинаған.

Энтони Гринвальд пен Стивен Блеклердің айтуынша, өзге адамдардың ұсынған «мені» шын деп қабылдауға келмейді, ал өзіміздің «мен» тым жақсы болғандықтан, біз оған қатты сенеміз. Адамдар неге соқыр сенімге бой алдырады? Кейбір эмпирикалық деректерге сай келетін түсіндірме таза танымға байланысты. Адамдар түрлі ақпаратты актер ретінде және бақылаушы ретінде қабылдайды.

Алайда танымдық-ақпараттық түсіндірме өзін-өзі ұлықтау соқыр сенімінің барлық мысалдарын түсіндіре алмайды. Мысалы, тесті сәтті және сәтсіз тапсырғандар мен құмар ойын ойнайтындарға қолжетімді ақпараттың көлемі бірдей. Өз-өзін ұлықтаудың басқа бір түсіндірмесі ұсынылған. Ол түсіндірмеге сәйкес, адамдардың «мен» концепциясы мен өзін-өзі бағалауын сақтап қалу мен қорғау үшін біз сәйкес атрибуцияларды қолдануға ынталымыз. Бұл әдіске сүйенетін болсақ, онда менің өзіме көзқарасым оң болатын болса, өзімді позитивті әрекет жасайтын адам ретінде қабылдауым оңай болады. Сонымен бірге, осы өзіндік позитивті көзқарасқа шабуыл жасалғанда, біз оны бас тартумен немесе жақсы бір сылтаумен қорғауымыз керек. Мұндай әрекетті – «менді» қорғау деп атаймыз.

Біз белгілі бір әрекет арқылы өз-өзімізді жоғары бағалауымызды сақтап қалу үшін ыңғайлы деп қалай айта аламыз? Қорғануға бағытталған атрибуцияларға жүгінетін шарттарды қарастырайық. Гиффорд Уири мен әріптестері бірқатар экспериментте өзін-өзі ұлықтауды түсіндіру мүмкіндігі келесідей жағдайларда ұлғая түсетінін байқады: біріншіден, осы іс-әрекет қатты еліктірген кезде; екіншіден, адам өз іс-әрекеттеріне жауапкершілікті сезінген кезде; үшіншіден, адамның іс-әрекеті басқа адамдардың көзінше жасалған кезде.

Қалыптасқан жағдайдан жақсы атпен шығуға мүмкіндік болмайтынын сезген кезде, адамдардың өз-өзін ұлықтау атрибуциясын қолдану ықтималдығы азаяды. Нақтырақ айтсақ, аудитория ақталудың орынсыз екенін аңғартады немесе сол ақталу болашақ жұмысқа қатысты негізсіз үміттерге жетелейді. Басқаша айтсақ, өзін-өзі ұлықтау түсіндірмесі «менге» қатысы бар жағдайларда, яғни «менге» қауіп төнгенде немесе адам жақсы көрігінсі келген кезде көбірек іске қосылады.

Өзіндік соқыр сенімнің құны қандай? Біз ақыл процестерін объектілер ретінде қарастырған кезде және көп адамда эгоцентристік ой мен өзін-өзі ұлықтау бар екенін білген кезде: біріншіден,

адамдар – өз көзін өзі тұмшалаған, иррационалды, ақымақ, аянышты, заттарды тек өз бейнесінде ғана көретін жаратылыстар; екіншіден, өзіндік соқыр сенімді қалайда жоюға тиіс деп тұжырым жасау оңай екенін аңғарады.

Мұндай тұжырым жеңілдетудің дөрекі түрі болар еді. Біріншіден, алдында айтқанымыздай, адамдар соқыр сенімге жиі бой алдырады, десек те біз саналы және рационалды ойлау мүмкіндігіне иеміз. Сонымен қоса, өзіндік соқыр сенім зор мақсатқа қызмет етуі де мүмкін. «Жақсы іске себепші болдым» деген сенімге ие адам қиын мақсатқа жету жолында қатты талпынып, табандылық танытуы мүмкін. Мұндай талпыныстар жаңа ғылыми жаңалықтарға, өнердің ғаламат туындыларының дүниеге келуіне немесе миллиондаған адамға оң ықпал ететін саяси келісімдерге жетелеуі мүмкін.

Осыған ұқсас нәтиже Роберт Гроув және оның әріптестері баскетбол ойыншыларына зерттеу жүргізген кезде байқалды. Оның байқауынша, жеңіске жеткен командалар өз табысын тиянақты себептермен байланыстырған, ал жеңілгендер сәтсіздікті кездейсоқтық, үзілістің орынсыздығы секілді тұрақты емес себептерге теліген. Мұндай соқыр сенім пайдалы болуы мүмкін, себебі бұл жеңілген команданың психологиялық тұрғыда сансырамауына және қатар-қатар жеңілістен кейін де еңсе көтеруіне мүмкіндік береді. Сонымен бірге, өзіндік соқыр сенімнің бұдан да маңызды уақытша пайдасы болуы мүмкін. Мұны Шелли Тейлор тапқан. Ол қайғыға тап болған немесе традегияға жақын оқиғаларды басынан кешірген жүздеген адамнан сұхбат алған. Олардың ішінде зорлық құрбандары, ісікке және өміріне өте қауіпті ауруға шалдыққан адамдар болған. Бұл трагедиялар адамдарды мүлде сансыратудың орнына, оларға жаңа өмір сыйлаған. Әсіресе, аурудан сауығуға мүмкіндіктерін әсіре оптимизммен бағалаған немесе «болашақта құрбан болмауымызды өзіміз қадағалай аламыз» деп ойлаған адамдардың басынан өткен. «Трагедиялық кедергілерді жеңіп шыға аламын» деген сенімнің болуы – өте тиімді ем жолдарын таңдауға және өмірлік күйзеліспен күресуге мүмкіндік беретін бейімдік стратегиясын дамытуға жол ашқан. Бұл талпыныс адамның жалпы өмірінің жақсаруына алып келген.

Мартин Селигман өз зерттеулерінде «ұтылу – тек жолы болмаудың нәтижесі, оны талпыныс пен қабілеттің күшімен жеңуге болады» деген оптимистік ойлау стилі одан да жақсы жетістіктерге, жақсы денсаулыққа және өзінің перспективаларын жақсы көруге алып келетінін анықтаған. Қысқаша айтатын болсақ, эгоцентристік ой мен өзін-өзі ұлықтау атрибуцияларының пайдалы тұсы көп. Сонымен бірге, бұл позитивті салдардың өз құны бар екенін есімізде ұстауымыз керек. Оның құны өзіміздің және әлемнің бұрмаланған бейнесі. Байқағанымыздай, бұрмаланған әлемнің бейнесі өзімізді және өз әрекетімізді ақтап алудан туындайды. Өз әрекетімізді интерпретациялау және мағынасын өзгертуге талпыну арқылы, біз жоғары моральды және саналы адамдардың қатарына қосылғымыз келеді. Автор үшін әлеуметтік жануардың ең ғажайып қасиеттерінің бірі – өзімізді мейірімді және саналы адам ретінде көруге деген қажеттілік. Көп жағдайда бұл қажеттілік не мейірімді, не саналы деп атауға келмейтін әрекеттерге әкеледі. Өзін-өзі ақтап алуға деген қажеттіліктің маңызы өте жоғары. Біз сол себептен бұл тақырыпқа келесі дәрісте тоқталамыз.